

Жастарды әлеуметтік қорғау бойынша қосымша шаралар туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 06 мамырдағы N 116 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Риддер қалалық әділет басқармасында 2010 жылғы 17 маусымда N 5-4-135 тіркелді. Күші жойылды - Риддер қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 28 желтоқсандағы N 1352 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Риддер қаласы әкімдігінің 2011.12.28 N 1352 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабының 1 тармағының 13), 14) тармақшаларына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 5, 7 баптарына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңының 5, 8 баптарына сәйкес, Риддер қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Техникалық және кәсіптік, жоғарғы білім алған түлектер санынан жұмыссыз жастарды (бұдан әрі – Қатысушылар) жұмысқа орналастыруға ықпал жасау бойынша, әлеуметтік қорғаудың қосымша шаралары қабылдансын.

2. Жастарды жұмысқа орналастыру төмендегі критерийлер бойынша жүзеге асырылсын:

1) қатысушылардың «Риддер қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінде (бұдан әрі – Бөлім) жұмыссыз ретінде тіркелуі;

2) қатысушыларды іріктеу кезеңінде оларға қолайлы жұмыстың болмауы;

3) жасы 24 жасқа дейін;

4) жұмыс мерзімі 6 айға дейін.

3. Жастарды жұмысқа орналастыру, меншік түріне тәуелсіз, ұйымдарда (бұдан әрі – Жұмыс беруші) Жұмыс беруші мен Бөлім арасындағы шарттың негізінде ұйымдастырылады және өткізіледі.

4. Еңбек жағдайлары, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жасалған, Жұмыс беруші мен жұмысқа қабылданған Қатысушының арасындағы еңбек шартымен анықталады.

5. Жұмыспен қамту бағдарламасын орындауға қарастырылған жергілікті бюджет қаражатынан қаржыландыру кезінде, Қатысушылардың еңбек ақысы:

- 1) кәсіптік лицейдің түлектері үшін толық айға ең төменгі бір жалақы;
 - 2) орта кәсіптік колледж түлектері үшін толық айға 1,2 ең төменгі жалақы;
 - 3) жоғарғы кәсіптік білім алған түлектер үшін толық айға 1,5 ең төменгі жалақы
- мөлшерінде жүргізіледі.

6. Еңбек ақы төлеу, қаражатты Бөліммен Қатысушылардың дербес шоттарына аудару жолымен жүзеге асырылады.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары С.В. Кагармановқа жүктелсін.

8. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2010 жылдың 1 сәуірінен бастап пайда болған қатынастарға таратылады.

Риддер қаласының әкімі *Д.Ю. Кавригин*